

XҒТАР 14.35.07.

Ж.Е. Абдыхалыкова, А.Н. Нурмуханбетова

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: zhazkenti@mail.ru, arda.nur76@mail.ru)*

Әлемдік жоғары білім беру жүйесінде студенттерді тьюторлық сүйемелдеуді салыстырмалы талдау

Аңдатпа. Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіндегі инновациялық үдерістерге сәйкес, білім алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне бағытталған дамытушы оқыту ортасын ұйымдастыру, тьюторлық сүйемелдеуді жүзеге асыру Болон декларациясы, кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқытуды ұйымдастырудың негізгі міндеттеріне жатады. Кредиттік оқыту технологиясының негізінде оқытуды барынша жекедараландыру үшін әртүрлі инноватикалық технологияларды қолдану; студенттің әртүрлі білім бағдарламаларын меңгеруге ықпал ететін, жекедаралану білім алу қағидасын жүзеге асыру мақсатында, жаңа педагогикалық позицияларды енгізу, қолдану, білім алушылардың оқу-танымдық дербестігін, студенттің білім алудағы субъектік позициясын арттыру мәселелері жатады. Соған сәйкес жоғары білім беру жүйесінде тьюторлық сүйемелдеу, студенттердің өзіндік білім алу, жеке оқу траекториясында таңдау жасауда жауаптылығын арттырады, жекетұлғалық, кәсіби салада өзін-өзі анықтауына, тануына мүмкіндік береді. Сол себептен мақалада жоғары білім беру жүйесіндегі тьюторлық сүйемелдеудің отандық және әлемдік тәжірибесі қарастырылды.

Ұлыбритания, АҚШ, Ресей және Қазақстандағы тьюторлық сүйемелдеу тәжірибесі негізінде тьютордың жоғары білім берудегі 4 негізгі позициясы: тьюторлық сүйемелдеу үдерісі жайлы негізгі ұғымдар, тьюторлық сүйемелдеудің субъектілері, тьюторлық сүйемелдеуді ұйымдастыру ерекшеліктері, тьюторлық сүйемелдеудің нәтижелері жүйеленген түрде талданды.

Түйін сөздер: жоғары білім беру, білім берудегі жекедараландыру, тьютор, тьюторлық сүйемелдеу, метакогнитивті тұғыр, күзиреттілік тұғыр.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-127-2-21-37>

Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалғандай білім беру «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді Стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі болып танылды. Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Қазақстан Президенті республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енгізу туралы міндет қойған болатын. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды роль атқарады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің жаңа жолдауында жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі, жоғары оқу орнының табыстылығын бағалаудың басты критерийі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы деп ерекше атап өтті [1].

Осы мақсаттарды шешу үшін Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде сапалы мамандар дайындауда, инновациялық үдерістерде, білім алушыларды кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқытуда тьюторлық сүйемелдеу жоғары білім беру сапасына,

студентке бағытталған оқыту ортасын қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Бұл Қазақстан Республикасының Болон үдерісіне қосылуымен байланысты және жоғары білім беру жүйесінің жекедараландыру принциптеріне бағытталуына негізделеді. Жоғары білімді жеке дараландыруда жоғары білім стандарттарында, білім алушылардың оқу жоспарлары мен білім алушылардың жеке білім траекторияларын қалыптастыруда қолданылуда.

Кредиттік оқыту технологиясына көшудегі маңызды басымдықтарды шешу үшін, білім алушыларды кредиттік оқыту технологиясының ерекшеліктеріне бейімдеу, олардың ақпараттық хабардарлығы мен академиялық сауаттылығын арттыру, жеке оқу траекториясын саналы түрде қалыптастыруды қажет етеді.

Ақпараттық ресурстар «тьютор» сөзі мен «тьютор қызметі» түсініктерінің көптеген анықтамаларын береді. Олардың мағыналық жағынан қарастырып, жоғары мектепке маңыздысын алып қарасақ, тьютор – студенттің жеке білім алу бағдарламасын сүйемелдейтін ерекше педагог. Бұл мәселені зерттеушілер атап көрсеткендей, тьюторлықтың заманауи түсінігін үш құрамдасқа бөліп көрсетуге болады. «Бірінші тьюторлық қолдау (мәселелерді шешудегі субъектінің автономдығы мен дербестігін, өз дағдысын дамытуға бағытталған педагогикалық әрекеттің ерекше түрі) ретінде. Екіншіден тьюторлық сүйемелдеу (оқу-зерттеу және жобалау жұмыстарында, жеке дара білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда) ретінде. Үшіншіден тьюторлық фасилитация (мәдени, кәсіби және тұлғалық өзіндік анықталу жолы) ретінде қарастырылады [2] .

Зерттеудің мақсаты: әлемдік жоғары білім беру жүйесінде студенттерді тьюторлық сүйемелдеуді салыстырмалы талдау жүргізу негізінде Ұлыбритания, АҚШ, Ресей және Қазақстандағы тьюторлық сүйемелдеу тәжірибесін қарастыру, соның негізінде отандық тьюторлық сүйемелдеуді дамытуға бағытталған нұсқаулықтар жасау.

Бұл талдау келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- тьюторлық сүйемелдеу түсінігін «метакогнитивті тұғыр», «жеке дараландыру тұғыры», «күзиреттілік тұғыры» аясында нақтылау;
- әлемдік және отандық жоғары білім берудегі тьюторлық сүйемелдеудің тарихи дамуының негізгі жетекші тенденцияларын, негізгі ережелерін анықтау және жүйелеу;
- әлемдік және отандық жоғары білім берудегі тьюторлық сүйемелдеу тәжірибесінің жүзеге асырылуының ерекшеліктерін ашу;
- әлемдік және отандық жоғары білім берудегі тьюторлық сүйемелдеу тәжірибелерін салыстыру мен отандық жоғары білім мектептерінің тәжірибесіне тьюторлық сүйемелдеу технологияларының тиімді енгізілуін анықтау.

Тьюторлық сүйемелдеудің шығу тарихына келсек, академиялық қолдау көрсетудің маңызды компоненті ретінде танылатын тьюторлық жүйе 12 ғасырдан Оксфорд, кейіннен Кембридж университеттерінің тәжірибесінен бастау алады. Тьютор сабақтары - оқыту формасының ең көне түрі. Ежелгі Грецияда Сократ (б.э.д. 470-399) ақсүйек, жоғары тап балаларын осы әдіс арқылы тәрбиелеген. Тьютор сабақтары бастауында, тек қана элита тап өкілдерінің басымшылығында болса да, қазір Европа, Американың, Англияның мектеп, коммунити колледждері мен университеттерінде білім алушыларға қол жетімді қосымша сабақтың бір түрі. Сократтың еңбектерінде негізделген оқыту әдістері

Американың, Англияның колледж деңгейіндегі тьютор бағдарламаларында кеңінен қолданылады. Тьюторлық сүйемелдеу, оқушылар немесе студенттердің білім алу үдерісін жекедараландыруға бағытталған көптеген шетел мемлекеттерінің педагогика тәжірибесінде тарихи қалыптасқан, академиялық қолдау көрсету бағдарламасы [3].

Әлемдік жоғары білім беру жүйесіндегі студенттерді тьюторлық сүйемелдеуді салыстырмалы талдау жүргізу барысында философиялық, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді теориялық талдау; алынған ақпаратты болжау, салыстыру, педагогикалық бақылау әдістері қолданылды.

Қарастырылып отырған мәселеге байланысты салыстырмалы талдау жүргізу барысында 4 негізгі позицияны айқындадық: тьюторлық сүйемелдеу үдерісіне қатысты негізгі ұғымдар, тьюторлық сүйемелдеудің субъектілері, тьюторлық сүйемелдеуді ұйымдастыру, тьюторлық сүйемелдеудің нәтижелері. Төмендегі кестеде Ұлыбритания, АҚШ, Ресей және Қазақстандағы тьюторлық сүйемелдеу тәжірибесі жүйеленген түрде беріледі (кесте 1)

Кесте 1

**Әлемдік жоғары білім беру жүйесіндегі студенттерді тьюторлық сүйемелдеу
тәжірибесі**

Салыстырудың концептуальдық мәліметтері	Ұлыбритания, АҚШ	Ресей	Қазақстан
I. Тьюторлық сүйемелдеу үдерісі жайлы жалпы мәліметтер			
Тарихы	Бірнеше ғасырлық тарихы бар	Жаңа тенденция	Жаңа тенденция
Концептуальды негіздері	Метакогнитивті тұғыр, күзіреттілік тұғыр, жеке дараландыру тұғыры, үздіксіз білім беру, білім берудің ашықтығы	Күзіреттілік тұғыр, жеке дараландыру тұғыры, жеке дара білім беру траекториясын құру, өз бетінше білім алу	Күзіреттілік тұғыр, жеке дараландыру тұғыры, жеке дара білім беру траекториясын құру, өз бетінше білім алу
Модель	Оксфорд тьюторлары жасаған модель бар: 1. Студенттің білім беру сипаты және білім берудің мақсаты мен міндеттерін түсінуі; 2.Тьютордың студенттерге білім беру үдерісін түсінуі және оқытудың міндеттерін құрастыруы; 3. студенттердің алдыңғы білімдері 4. Тьютордың өз пәнін білуі және эксперттік бағалауы; 5. Студенттің жеке тұлғасы; 6. Тьютордың жеке тұлғасы, білім беру үдерісінің негізінде студент пен тьютордың өзара мақсатты қарама қатынасы жатыр. Студент пен тьютордың бұрын алған білімдері, олардың білім алу стильдері мен олардың жеке даралығы жеке компоненттер түрінде болады, шынайы өмірде бұл элементтер бір бірімен өзара тығыз байланыста болады.	Тьюторлық сүйемелдеудің моделі ұсынылды, ол келесі компоненттерден тұрады: тьютор; студент; мақсатты (оқытудың мақсаты мен міндеттері); мазмұндық (мазмұны), технологиялық (өзара байланысу құралдары: әдістері, тәсілдері, педагогикалық коммуникация құралдары), ресурстық (өзара байланысуға қажетті ресурстар), нәтижелік (өзара байланысу нәтижелері) компоненттер. Бұл модель Н.В. Кузьминаның бес элементтің жүйесі түрінде ұсынылған педагогикалық үрдіс моделі негізінде құрылды.	Тьюторлық сүйемелдеудің бірыңғай, бейімделген моделі жасалмаған

II. Тьюторлық сүйемелдеудің субъектілері			
Тьютор кім ?	Тьюторлар ата - аналар немесе кез келген ересек адамдар бола алады	Кәсіби педагогтер немесе басқа да арнайы дайындалған мамандар	Кәсіби педагогтер немесе басқа да арнайы дайындалған мамандар
Тьютор біліктілігінің сипаттамасы	Жеке тұлғалық сипаттамалар	Кәсіби сипаттамалар	Кәсіби сипаттамалар
Тьютор құзіреттілігі	Тьютор құзіреттілігінің матрицасы	Тьютор құзіреттілігінің бірыңғай талаптары жоқ	Тьютор құзіреттілігінің бірыңғай талаптары жоқ
Тьютор және білім алушылар арасындағы өзара қарым қатынас	Көлденең (горизонталь) қарым қатынаста	Тігінен (вертикаль) қарым қатынаста	Т і г і н е н (в е р т и к а л ь) қарым қатынаста
III. Тьюторлық сүйемелдеуді ұйымдастыру			
Мақсаты	Студентті дербес, тәуелсіз білім алушы ретінде қалыптастыру	Жеке білім беру траекториясын құру, студенттің кәсіби іс-әрекетінің негізгі мақсаттарын жүзеге асыруға көмектесу	Жеке білім беру траекториясын құру, студенттің кәсіби іс-әрекетінің негізгі мақсаттарын жүзеге асыруға көмектесу
Міндеттері	Студенттерге қажетті дағдылар мен білімдерге үйрететін сабақтарды дайындау мен өткізу, қойылған мақсаттарға жету жұмыстарының тиімді әдістерін қолдану, академиялық және жеке тұлғалық сұрақтарды шешуге көмек көрсету	Студенттерге қажетті дағдылар мен білімдерге үйрететін сабақтарды дайындау мен өткізу, қойылған мақсаттарға жету жұмыстарының тиімді әдістерін қолдану, академиялық және жеке тұлғалық сұрақтарды шешуге көмек көрсету	Студенттерге қажетті дағдылар мен білімдерге үй р е т е т і н с а б а қ т а р д ы дайындау мен өткізу, қойылған мақсаттарға жету жұмыстарының тиімді әдістерін қ о л д а н у , а к а д е м и я л ы қ және жеке т ұ л ғ а л ы қ с ұ р а қ т а р д ы шешуге көмек көрсету

Мазмұны	Жеке өзара байланыс жасау, мұнда әрбір тьюториал – белсенді әдістерді қолданатын ерекше сабақтардың сериясы, студенттер тьютордан білім ғана алмайды тьютор өз студенттерінен үйреніп, олар бірлесіп өзара байланыстан сапалы жақсы әсер алады.	Жеке және кәсіби өзара қарым қатынастан өзге жеке білім беру траекториясын құру үдерісінде тьютор үшін өз студентінің болашақ образын құру маңызды болады	Жеке және кәсіби өзара қарым қатынастан өзге жеке білім беру траекториясын құру үдерісінде тьютор үшін өз студентінің болашақ образын құру маңызды болады
Формалары	- Белгілі жауапты талап ететін мәселе негізделген тьюториал, яғни әрбір аптаға сұрақтар тізімі бар сабақтар және ол сабақтар негізделеді; - нәтижеге негізделген тьюториал: мұнда сұрақтар мен шамалап алынған жауаптар болмауы мүмкін, олардың орынына белгілі бір тақырып талқылауға беріледі, ол оқылған материалдан немесе дәрісте тыңдалған материалдан болуы мүмкін. - іс-әрекетке негізделген тьюториал: кейбір сабақтар тек қарапайым талқылауды немесе мәселені шешуді ғана емес басқа да шешімді талап етеді; - аралас тьюториал: бұл сабақтың түрінде - барлық жоғарыда сипатталған түрлер үйлестіріледі	Тьюторлық сағаттар; мұғалімдермен өткізілетін дөңгелек үстелдер; тьюторлық кеңес, түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын оқушылардың игеру үрдісін сүйемелдеу; білім алушының пәндік жеке қозғалыс траекториясын тіркеу экрандары; студияларды ұйымдастыру, пәндер бойынша шеберлікті, таңдау бойынша курстарды; жоғары мектептегі білім берудегі жаңалықтар тізбегін ұйымдастыру, жұмыстың жаңа формалары жайлы оқушылардың рефлексиясы, оларды тьютордың талдауы	Тьюторлық сағаттар; дөңгелек үстелдер; тьюторлық кеңес, түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын оқушылардың игеру үрдісін сүйемелдеу; білім алушының пәндік жеке қозғалыс траекториясын тіркеу пәндер бойынша шеберлікті, таңдау бойынша курстарды; жоғары мектептегі білім берудегі жаңалықтар тізбегін ұйымдастыру, жұмыстың жаңа формалары жайлы оқушылардың рефлексиясы, оларды тьютордың талдауы

Тьюторлық сүйемелдеу түрлері	Академиялық тьюторлық, жеке тьюторлық, волонтерлық тьюторлық, студент-студент қарым қатынасындағы тьюторлық, компьютерлік – онлайн тьюторлық сабақтар	Куратор, тьютор, тәлімгерлік, жеке дара сүйемелдеу	Куратор, Эдвайзер, тьютор, тәлімгерлік, жеке дара сүйемелдеу
Әдістеме Лері	Тьютордың ЖОО жұмысының көптеген әдістерінің түрлері (сократтық әдіс, минималистік әдіс, «елуде елу» ережесі т.б.)	ЖОО жұмыс жүргізудің нақты әдістері жоқ	ЖОО жұмыс жүргізудің нақты әдістері жоқ
IV. Тьюторлық сүйемелдеудің нәтижелері			
Тьютор іс-әрекетінің нәтижесі	Өзінің іс-әрекетін білім алушы ретінде де, тьютор ретінде де талдайды, өзі оқытатын пәннің терең түсінілуін қамтамасыз етеді	Өзін, өзінің білімін саналы түрде түсінеді; жұмыс күші нарығының әлемдік даму тенденциясының барлық талаптарына сай болатын, үнемі өзгеріп отыратын өмір жағдайларына тез бейімделе алатын, адам іс-әрекетінің түрлі салаларына қажетті құзіреттіліктер жиынтығын игерген маманды жоғары мектеп қабырғасында қалыптастырады	студенттің әртүрлі білім бағдарламаларын меңгеруіне ықпал етеді, жекедара-ланған білім алу қағидасын жүзеге асырады

Тьюторант іс-әрекетінің нәтижелері	Жаңа білім алады, осы кезге дейін игермеген дағдыларды игереді, өткен материалдарды жақсы түсінеді, алдыңғы және жаңа білімді синтездей алады; тьюторға тәуелсіз алған білімді қолдана алатын тәуелсіз, ұтқыр білім алушыға айналады, білім алуға деген жағымды қатынас пайда болады; өзіндік ұйымдастыруға және өзіндің жұмыс жүргізуі белсендіріледі.	Өзіндік жеке бейнесіне ие болады (жеке тұлғалық, кәсіби жәе т.б.) білім алудағы өз жолын анықтайды, білімге деген өзінің тапсырысын саналы ойланады; шығармашылық және рефлексивті қабілеттерін, зияткерлік белсенділігін, өзіндік білім алуға деген қабілетін дамытады; өзінің болашағына деген жауакершілікті қабылдайды, ынталану деңгейін арттырады, жеке тұлғалық және кәсіби дамуы қалыптасады, өзінің мақсаттары мен міндеттеріне, алда қойылған мақсаттарына жету жолдары мен мүмкіндіктеріне мән беріп, саналы іс-әрекет етеді.	Білім алудағы өз жолын анықтайды, білімге деген өзінің тапсырысын саналы ойланады; шығармашылық және рефлексивті қабілеттерін, зияткерлік белсенділігін, өзіндік білім алуға деген қабілетін дамытады; өзінің болашағына деген жауакершілікті қабылдайды, ынталану деңгейін арттырады, жеке тұлғалық және кәсіби дамуы қалыптасады, өзімен болып жатқандарға, өзінің мақсаттары мен міндеттеріне, алдында ашылған қойылған мақсаттарына жету жолдарында саналы әрекет жасайды
Портфолио	Портфолионы құру мен бағалау бойынша жүйе құрылған, оны құруда тьюторлар келесі алгоритмді басшылыққа алады: материалды жинау, таңдау, рефлексия, байланыс. Бұл компоненттер портфолионың өзінде нақты сипатталады	Тьюторлардың жетістіктерінен, олардың біліктілігінен, және жеке ақпараттардан тұрады	Тьюторлардың жетістіктерінен, олардың біліктілігінен, және жеке ақпараттардан тұрады

Тьюторлық сүйемелдеудің шетелдік тәжірибесіне ретроспективтік талдау жүргізу барысында айқындалғандай Ұлыбритания, АҚШ-тағы тьюторлық сүйемелдеу үдерісін қарастырсақ, бұл екі мемлекетте де тьюторлық сүйемелдеудің сан ғасырлық тарихы бар және бұл үдеріс жүйелі сипатта, ол тьюторлық сүйемелдеу технологиясын жүзеге асырудың көп ғасырлық тәжірибесіне де байланысты. Осы елдерде қолданылатын тьюторлық сүйемелдеудің концептуальды негіздеріне келсек, АҚШ-та да, Ұлыбританияда

да тьюторлық сүйемелдеу оқытудағы метакогнитивті тұғыр, құзіреттілік тұғыр, жеке даралық тұғыр, үздіксіз білім беру, білім берудің ашықтығы негізінде құралады.

Тьюторлық сүйемелдеуді жүзеге асыру үшін Оксфорд тьюторлары жасаған модель қолданылады. Шетелдік модельдің айырмашылығы студент пен тьютордың тығыз қарым-қатынаста болуы. Бұл модель студенттің оқу іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін, ерекшеліктерін түсінуі, оқу міндеттерін белгілеу, студенттің алдыңғы білімі мен тәжірибесін ескеру, тьютордың пәнді білуі және эксперттік бағалу, студенттің тұлғасын дамыту, тьютордың біліктілігін үнемі арттыру сияқты бір бірімен тығыз байланысқан міндеттерге бағытталған. Модельдің басты мақсаты – студенттің өздік білім алуын дамыту, берілген тапсырмалар мен оқу іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін жете түсіну, материалды меңгеруге ықпал ету, дербес, креативті, сыни тұрғыдан ойлайтын, болашақта тьюторды қажет етпейтін білім алушыларды қалыптастыру.

Талдау көрсеткендей, тьюторлық жүйенің басты ерекшеліктеріне білім алушыға академиялық қолдау көрсетуде метакогнитивті тұғырды қолдануы жатады. Метакогнитивті әдістерді қолдану студенттің оқу үдерісінің, өзіндік ой еңбегінің нәтижесін көруге, үнемі сараптауға, жекетұлғалық когнитивті процестер туралы білімін жетілдіруге, сонымен қатар когнитивті және метакогнитивті стратегияларды қолдануға, ой еңбегін дербес бағалауға мүмкіндік береді. Ол үшін оқу үдерісінде білім мен тәжірибенің ұштасып отыруы маңызды.

Тьютор тұлғасын талдай келе байқағанымыз, шетелдік тәжірибеде негізінен тьюторлар кәсіби емес оқытушылар болады, білім алушыға жүйелі интербелсенді, мақсатқа бағытталған көмек, қолдау көрсетеді. Шетелде тьютор ата-анасы немесе студентке қамқорлық көрсеткісі келетін кез келген ересек адамдар бола алады, мысалы, ағасы апайы, жанұясының басқа мүшелері, жетістікке жеткен адамдар, түрлі волонтерлар. Студент – студент арасындағы өзара қарым-қатынас горизонталь қарым қатынаста құралады. Тьютор біліктілігінде жеке тұлғалық сипаттамалар бірінші кезекке қойылады. Тьютор құзіреттілігін матрицасы қолданылады.

Тьюторлық сүйемелдеуді ұйымдастырудың негізгі мақсаты - студенттің өз бетінше білім алуы мен оның тәрбиесін ынталы және тәуелсіз білім алушы ретінде жандандыру. Студенттерге қажетті дағдылар мен білімдерге үйрететін сабақтарды дайындау мен өткізу, қойылған мақсаттарға жету жұмыстарының тиімді әдістерін қолдану, академиялық және жеке басындағы сұрақтарды шешуге көмек көрсету негізгі міндеттері болып табылады. Тьюторлық сүйемелдеу жеке өзара байланыс жасаудан тұрып, әрбір тьюториал – ерекше сабақтар ретінде өткізіліп, тьютор мен студент өзара байланыстан сапалы жақсы әсер алады. Шетел білім беру жүйесінде тьюторлық сүйемелдеу үдерісін жүзеге асыруда қолданылатын негізгі формалары: белгілі жауапты талап ететін мәселеге негізделген тьюториал; нәтижеге негізделген тьюториал; іс-әрекетке негізделген тьюториал; аралас тьюториал. Тьюторлық сүйемелдеу түрлері: Академиялық тьюторлық; жеке тьюторлық; волонтерлық тьюторлық, қатарлас адамдар тьюторлығы; компьютерлық – онлайн тьюторлық. Пән оқытушысы, академиялық профессорлардан, факультет мүшелерінен басқа, студенттің нақты пәнді игеруі бойынша академиялық кеңесші рөлін атқаратын жоғары академиялық үлгерім көрсеткен колледж студенттері, инструкторлармен, университет түлектерімен (graduate), магистранттар немесе докторанттармен жүргізілетін,

студенттің оқу пәні бойынша өздік жұмыс тапсырмаларын, тақырыптарды, жазба жұмыстарын орындауға көмектесетін, дербес оқу танымдық дағдыларын жетілдіруге бағытталған қосымша ақылы немесе ақысыз жүргізілетін академиялық қолдау көрсетудің маңызды компоненті.

Британдық ЖОО- да тьюторлардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселесі де белгілі бір жүйелілік бағытта жүзеге асады. Англияның University of Cambridge, University of Oxford, Newcastle University, Brunel University, Buckinghamshire Chilterns University College, University of Reading, University of Portsmouth) және т.б. университеттерімен ұсынылған «Тьютордың жұмысына нұсқаулық» (Tutor's Handbook, Personal Tutors' Handbook, Academic Tutor Initiative, Tutoring and Demonstrating: A Handbook) оқу-әдістемелік құралдары бар. Әдебиеттерде университеттегі тьюторлық жүйенің құрылымы мен негізгі ерекшеліктері, тьюторлардың рөлі мен міндеттері, студенттермен әрекеттесу әдіс-тәсілдері, оқытудың формалары, академиялық қолдау көрсету түрлері, студенттерге нұсқаулық, әртүрлі ақпараттық нысандар, дәстүрлі емес жағдайларда әрекет ету, есеп беру құжаттары, әртүрлі категориядағы студенттермен (мүгедек, ұлт ерекшеліктері, спортшылар және т.б.) қарым-қатынас жасау ерекшеліктері сияқты ақпараттық материалдар берілген. Бұл тәжірибе өзінің жүйелілік қағидаларға сүйене отырып, тьютордың іс әрекетін нақтылауға, оқыту сапасын арттыруға ықпал етеді [4].

XXI ғасырдың басында, академиялық қолдау көрсету орталықтарының негізінде тьютор сабақтары кеңінен жүргізіліп, «студенттің академиялық жетістігін жарнамалау», білім алушылар арасында «студенттің академиялық жетістігі» ұғымын тарату (Student Academic Success), соның негізінде білім алушылардың өзбетімен білімін алу үдерісін барынша жекедараландыру саясаты көзделді. АҚШ-тың білім беру жүйесінде «әрбір білім алушының академиялық жетістігі» студенттің де, университеттің де басты мақсатына айналды. Тьюторлық бағыттағы екі озық тәжірибелі мемлекеттің білім беру саласын зерделеу, тьюторлық сүйемелдеудің белгілі бір білім алушының жекедараландыруына ықпал ететін педагогикалық мәдениет ретінде қалыптасқанын аңғарамыз. Тьюторлар университеттік білім беру ресурстары, басқа да академиялық қолдау көрсету бағдарламалары туралы білуіне, тәуелсіз, дербес студент, өмір бойы білім алу (lifelong learner) дағдыларын дамытуға ат салысады.

Қашықтан білім алу технологияларының дамуымен британдық жоғары білім беру жүйесінде онлайн тьютор (online tutoring) сабақтары кеңінен таралуда. Онлайн тьютор сабақтары білім алушының конструктивизм қағидаларына негізделі отырып, жеке дара білім алудың мақсаты мен міндеттеріне жетуге, өзіндік талдау, онлайн пікірталастар орнатуға мақсатталған.

Англияда, АҚШ-та тьютор бағдарламасының кең таралған түріне студент-студент қарым-қатынасындағы тьютор сабақтары (peer tutoring) жатады. Университеттерде тьютор-студентердің мотивациясын, жауапкершілігін арттыру үшін «Оқыту арқылы оқу» (learning by teaching), «оқыту арқылы екі рет оқу, бекіту» - (to teach is to learn twice) деген идеялар қолданылады. Яғни, студент студентті оқыту арқылы меңгерілген материалды толықтыруға, қайта қарастыруға, білімін жетілдіруге мүмкіндік алады. АҚШ студенттерінің университетте тьютор сабақтарын жүргізуінің басты себептеріне, материалдық-қаржылық

жағдайын көтеру, оқу пәні бойынша кредиттер жинау, университетті аяқтау (graduation) талабын орындау жатады. Кейбір американдық студенттер университеттің талабынсыз ерікті түрде (волонтер) тьютор болып, артта қалушы студенттердің оқу үлгерімін арттыруға өз үлесін қосады [5, 47 б.].

Шетелдердегі білім беру жүйесіндегі тьюторлық сүйемелдеу тәжірибесінің ерекшелігі сүйемелдеу үдерісінде жұмыс жүргізудің көптеген әдістерін қолдануы, олардың негізгілері сократтық әдіс, минималистік әдіс, «елуде елу» ережесі, дебаттар, қатарлас адамдарды оқыту, серіктеске айт, аквариум, мини-сауалнама, сұрақтарды қоюдың түрлі әдістері болып табылады.

Педагогикалық сүйемелдеудің бұл түрінің қабылдану ерекшелігі де анықталды. Шет елде білім алушылар үлкендермен еркін сөйлесе алады, өйткені ересектердің ең басты міндеті оқушыға ересектердің әлеміне енуіне көмектесу. Білім беру жүйелеріндегі (шетелдердегі және отандық) тьюторларды салыстырғанда байқағанымыз, шетелде тьютордан достық, студентке деген адами қарым-қатынас талап етіледі. Мұнда бастысы кәсіби біліктілі емес, тьютордың өзін тең серіктес ретінде көрсете алуы мен сенімге енуі және түрлі адамдармен тьюторлық сүйемелдеу барысында (ата-аналармен, студенттермен, тьюторлық бағдарлама басшыларымен, ЖОО басшыларымен, тьюторлық бірлестіктермен) тіл табыса алуы.

Тьюторлық сүйемелдеудің нәтижелеріне келсек шетелде тьютор өзінің іс-әрекетін білім алушы ретінде де тьютор ретінде де талдайды; өзі оқытатын пәнін терең түсінілуін дамытады. Ал тьюторант жаңа білім алады, осы кезге дейін игермеген дағдыларды игереді, өткен материалдарды жақсы түсінеді, алдыңғы және жаңа білімді синтездей алады; тьюторға тәуелсіз алған білімді қолдана алатын тәуелсіз, ұтқыр білім алушыға айналады, білім алуға деген жағымды қатынас пайда болады; өзіндік ұйымдастыруға және өзіндің жұмыс жасауы белсендіріледі.

Қазіргі кезде заманауи тьюторлар шетелдік университеттерде ерекше орынға ие, олар әрбір студенттің жекетұлғалық және кәсіби мақсаттарын анықтау арқылы болашағына жоспар құруға ықпал ету, соның негізінде студенттердің тәуелсіз, ұтқыр, ынталы, дербес білім алуға қабілетті болуына ықпал етеді.

Ресей үшін тьюторлық жаңа тенденция, ол жоғары білімнің модернизациясы тудырған өзгерістерге байланысты пайда болған қажеттілік. Ресейдің тьюторлық тәжірибесі Оксфорд және Кембриджбен салыстырғандай ұзақ кезеңді қамтымайды. Ресейлік білім беру жүйелерінде алғаш рет тьюторлық сүйемелдеу тәжірибелері 1990 жылы П.Г. Щедровицкийдің басшылығымен Мәдени саясат мектептері аясында жан-жақты талданды. Кейінірек елдің барлық аймақтарында тьюторлық тәжірибе қолданыла бастады. [6].

Қазіргі таңда Ресейде, басқа да ТМД елдеріндегі сияқты білім беру жүйесінде қашықтықтан білім беруде, орта және университетте білім алушының жеке оқу траекториясы сүйемелдеуде кең қолданысқа ие болуда.

Тьютор қызметінің орта, жоғары, қосымша кәсіптік білім берудің қызметкері ретінде (РФ «Денсаулық және әлеуметтік қорғау» министрлігі бұйрығы 5 мамыр 2008 ж., № 216, 217) маманның біліктілік сипаттамалары «Білім беру қызметкерлерінің біліктілік сипаттамасы» (РФ «Денсаулық және әлеуметтік қорғау» министрлігі бұйрығы 14 тамыз 2009 ж., № 593)

қабылданған.

Ресей Федерациясының «Денсаулық және әлеуметтік қорғау» министрлігі 2017 жылдың 1 қаңтарында «Тәрбие саласындағы маманның» кәсіптік стандарттын бекітіліп, осыған сәйкес орта білім беру мекемелерінде, тьюторбілім беру үдерісінің жобалаушысы, ашық, вариативті оқу ортасын қалыптастырушы маман ретінде штаттық кестеге енуде.

Сонымен қатар, әртүрлі білім беру құрылымдарында тьюторлық орталықтардың (мысалы, РФ Мәскеудегі білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау Академиясының жанындағы тьюторлық сүйемелдеу орталығы, Мәскеу ашық білім беру институты жанындағы тьюторлық сүйемелдеу орталығы, Томскідегі тьюторлар ассоциациясы, Волгоград біліктілікті арттыру жанындағы тьютор орталығы) орын алуы, тьюторлық сүйемелдеу бойынша біліктілікті арттыру курстарын жасау мен оны тәжірибеде жүргізу Ресейде тьюторлық сүйемелдеудің практикада кеңінен қолданыс табуын дәлелдейді.

Ресейде тьютор – оқытушының ерекше түрі, білім алушының кәсіби-жекетұлғалық, тұлғалық дамуға ықпал ететін курсты меңгеруде оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын, жүйелейтін кеңесші, тәлімгер. Ресейде тьюторлық институтының қалыптасуы ашық қашықтан кәсіби білім берудің таралуымен байланысты.

Қазіргі таңда тәжірибеде тьюторлық сүйемелдеуді жүзеге асыратын мектептер кең таралған. Томскідегі «Эврика-даму» мектебі, Брянскідегі №34 мектеп, Тубельскийдің «Өзін-өзі анықтау» мектебі, Мәскеудегі бірқатар жекеменшік мектептер («Росинка», «ЮССТ орталығы», «Золотоесечение» және т.б.), Әсіресе, Томскідегі аймақтық зерттеулердің ерекшеліктері бірнеше зерттеу топтары құрылып («Эврика-даму» мектебі (Т.М. Ковалева), «Біріккен іс-әрекет мектебі» (Г.Н. Прокументова). Халықаралық менеджмент институтында «ЛИНК» тьюторлардың іс-әрекетінің сапасын арттыруға бағытталған кәсіби қосымша білім беруде дайындау, аттестациядан өткізу, біліктілігін арттыру сияқты іс-шаралар өткізуде. Оған қоса, орта, жоғары мектепте тьюторлық сүйемелдеу үдерісін апробациядан өткізуді сипаттайтын зерттеулерде бар. Мысалы, Т.М. Ковалева, Е.А. Суханова, П.Г. Щедрицкийдің ғылыми еңбектерінде орта мектеп негізінде тьюторлық сүйемелдеуді ұйымдастыру жолдары қарастырылған. Тьюторлық технологиясы ресейдің білім беру практикасында білім алушылардың жеке оқу траекториясын кәсіби академиялық қолдауды ұйымдастыру нормативті қабылдануға байланысты ерекше статуска ие болуда деп тұжырымдаймыз.

Тьюторлық сүйемелдеуде қолданылатын концептуальды негіздерін қарастырсақ, Ресейде де тьюторлық сүйемелдеу оқытудағы күзінеттілік тұғыр, жеке даралық тұғыр, үздіксіз білім беру, білім берудің ашықтығы негізінде құралады. Тьюторлық сүйемелдеуді жүзеге асыру үшін Н.В. Кузьминаның бес элементтің жүйесі түрінде ұсынылған педагогикалық үрдіс моделі негізінде жасаған модель қолданылады. Тьюторлық сүйемелдеудің бұл моделі тьюторлық сүйемелдеудің негізгі мақсаттық компоненттерінен тұрады: тьютор; студент; мақсатты (оқытудың мақсаты мен міндеттері); мазмұндық (мазмұны), технологиялық (өзара байланысу құралдары: әдістері, тәсілдері, педагогикалық коммуникация құралдары), ресурстық (өзара байланысуға қажетті ресурстар), нәтижелік (өзара байланысу нәтижелері) компоненттер. Ресейлік модель көбінесе оқу, рефлексивтік және жеке дара кеңістікті толтыруға бағытталған, мұнда студенттің білім бағдарламасы

жүзеге асырылады және «өзінің болашақтағы бейнесі» құрылады. Ресейлік білім беру жүйесінде ЖОО жұмыс жүргізудің нақты әдістері мен тьютор құзіреттілігінің бірыңғай талаптары жоқ. Ресейлік білім беруде әлі де вертикаль қарым қатынас тәжірибесі қолданылады. Бұл тьюторлық сүйемелдеу идеологиясымен сәйкес келмейді, онда субъект - субъектілік қарым қатынас принципі қолданылады. Ресей білім беру жүйесінде тьютордың кәсіби сипаттамасына, біліміне мән беріледі.

Ресейдегі тьюторлық сүйемелдеудің нәтижелеріне келсек, мұнда тьютор өзінің білімін саналы түрде кең мағынада түсінеді; жұмыс күші нарығының әлемдік даму тенденциясының барлық талаптарына сай болатын, үнемі өзгеріп отыратын өмір жағдайларына тез бейімделе алатын, адам іс-әрекетінің түрлі салаларына қажетті құзіреттіліктер жиынтығын игерген маманды жоғары мектеп қабырғасында қалыптастырады. Тьюторант өзіндік жеке бейнесіне ие болады (жеке тұлғалық, кәсіби және т.б.) білім алудағы өз жолын анықтайды, білімге деген өзінің тапсырысын саналы ойланады; шығармашылық және рефлексивті қабілеттерін, зияткерлік белсенділігін, өзіндік білім алуға деген қабілетін дамытады; өзінің болашағына деген жауакершілікті қабылдайды, ынталану деңгейін арттырады, жеке тұлғалық және кәсіби дамуы қалыптасады, өзімен болып жатқандарға, өзінің мақсаттары мен міндеттеріне, алдында ашылған қойылған мақсаттарына жету жолдары мен мүмкіндіктеріне мән беріп, саналы әрекет жасайды.

Қазақстан үшін де тьюторлық жаңа тенденция, ол жоғары білім беру жүйесінің кредиттік оқыту технологиясына көшуімен байланысты пайда болған қажеттілік. Ресей сияқты Қазақстанның да тьюторлық тәжірибесі Оксфорд және Кембриджбен салыстырғандай ұзақ кезеңді қамтымайды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы № 152 бұйрығымен бекітілген «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесінде», тьютор – студенттің нақты пәнді игеруі бойынша академиялық кеңесші ролін атқаратын оқытушы, ретінде анықталады.

Тьюторлық қызмет, студенттердің өзіндік білім алу, білім алу маршрутын таңдау жауаптылығын арттырады, жекетұлғалық, кәсіби салада өзін-өзі анықтауына, тануына мүмкіндік береді. Жекедаралану принципі, тьюторлық қолдау көрсету іс-әрекетінің негізінде жатыр.

Қазіргі ҚР жоғары білім беру жүйесінде, тьютор - студенттің әртүрлі білім бағдарламаларын меңгеруге ықпал ететін, жекедараланған білім алу қағидасын жүзеге асыру мақсатымен енгізілген жаңа педагогикалық қызмет, кәсіби бағыт. Тьютор- жаңашыл, дәстүрлі емес, қазақстандық педагогика үшін әлі жете меңгерілмеген ұғым деп те айта аламыз. Соған байланысты, қазақстандық жоғары білім беру жүйесінде тьюторлық іс-әрекеттің тәжірибесі шектеулі қолдануда. Кредиттік оқыту технологиясында оқыту үдерісі интерактивті оқыту әдістеріне, сапалы әдістемелік, дидактикалық материалдарға, пән тьюторының жекетұлғалық, кәсіби өсуіне, оқу курсы, академиялық этика саясатына негізделетінін айқындадық. Соған байланысты, ҚР университеттеріндегі, тьюторлардың басты мақсаты, студенттердің білім алу, кәсіби, ғылыми қызығушылықтарын айқындауға көмектесу, жеке оқу траекториясын қалыптастыруға қолдау көрсету.

Тьюторлық жүйе шетелдік университеттерде арнайы академиялық қолдау көрсету орталықтарында институционалды ұйымдастырылған, тьюторлық позицияның ерекшеліктері мақсатты жүргізіледі. Тьютор арнайы штаттық бірлік, ол қызметті оқытушы орындамайды. Ал Қазақстандық тәжірибеде, тьюторлық сүйемелдеуді оқытушыларға орындауға тура келеді.

Тьюторлардың спецификалық функцияларын анықтау мақсатымен оқытушы мен тьютордың атқаратын міндеттерін талдауды қажет етеді.

Оқытушы:

- > аудиториялық сабақтарда ғана қолжетімді, оқу пәнінің мазмұнын, оқу-әдістемелік кешенін әзірлеуші,
- > оқу пәнінің мазмұнын жеткізуші,
- > білім алушылармен «білім алушы- білуді қажет етуші» иерархиясындағы қарым-қатынасты ұстанады, білімді бағалайды.

Тьютор:

- > оқу пәнінің меңгерілуін әдістемелік басқарады,
- > білім алушыларға әруақытта қолжетімді, артта қалған студенттермен жеке-дара, немесе шағын топта дамытушы сабақтар өткізеді,
- > олармен серіктестік қарым-қатынас ұстанады, бірақ білімді бағаламайды.

ҚР жоғары білім беру үдерісін жаңалауда тьюторлық қолдау көрсету бағдарламасын ендіруге бағытталған алғашқы қадамдар жасалды. Қазақстанда орта білім беру жүйесінде Назарбаев Зияткерлік мектептерінде 2011 жылдан бастап оқушылардың жеке білім беру бағдарламаларын таңдау және жүзеге асыру мақсатымен тьютор-академиялық кеңесшілер енгізілген.

Тьюторлық қызмет келесі міндеттерді шешу мақсатында жүзеге асады:

- > әртүрлі академиялық қиыншылықтары бар оқушыларға жан-жақты қолдау көрсету, кері байланыс орнату, олардың әлеуетін, қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін ортаны қалыптастыру;
- > жыл бойы академиялық пәндер бойынша артта қалған оқушыларды оқыту үдерісінде дамыту стратегиясын әзірлеу;
- > отбасы мүшелеріне кеңес жүргізу;
- > білім алушылардың қажеттіліктеріне сай диагностика жүргізуді ғылыми-әдіснамалық жолмен жетілдіру;
- > пән бойынша артта қалғандармен психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарын жүргізу; әртүрлі академиялық қиыншылықтары бар оқушыларға жан-жақты қолдау көрсету, кері байланыс орнату, олардың әлеуетін, қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін ортаны қалыптастыру;
- > жыл бойы академиялық пәндер бойынша артта қалған оқушыларды оқыту үдерісінде дамыту стратегиясын әзірлеу.

Тьютор-мұғалімдер арнайы мамандандырылған шетелдік тәжірибені зерделей отырып, біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, онда тьюторлық сүйемелдеудің технологиясымен (Lesson study, action Research, learning walks, collaborative learning және т.б.) таныстырылған. Пән мұғалімдері тьюторлық сүйемелдеуді жүзеге асырады, олардың

пән бойынша білімдерін тексеріп, артта қалғандар, академиялық қиыншылықтары бар оқушыларға арнайы жеке оқу маршруттары әзірленеді. Қазіргі таңда республиканың барлық аймақтарында әртүрлі бағыттағы 21 Назарбаев интеллектуалдық мектептері ашылып, дербес білім беру мекемесі статусында шетелдік озық тәжірибені бейімдеп қолданып, барлық қазақстандық орта мектептерге үлгі ретінде сапалы тәжірибесін трансформациялау жұмыстары жүргізілу үстінде. Дегенмен, мұғалімнің де, тьютордың да функциясын пән мұғалімінің атқаруы, мұғалімнің субъективті көзқарасы (мұғалім тьюторлық позицияны ұстана алмауы), оқу жүктемесінің шамадан тыс көп болуынан әрбір оқушымен жеке дара жұмыс жасауға уақыттың аздығы мәселелері тьютор сабақтарының сапасын төмендетуі мүмкін.

Көптеген, Қазақстандық университеттердің сайттарын (Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, С.Ж.Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті және т.б.) тікелей қарастыру, профессор-оқытушылар құрамымен сұхбаттасудың нәтижесі тьютор төмен мамандандырылған, көбіне кафедра оқытушыларынан тағайындалатын қызмет деп тұжырым жасауға болады.

Тьюторлық сүйемелдеуде қолданылатын концептуальды негіздеріне келсек, елімізде тьюторлық сүйемелдеу оқытудағы құзіреттілік тұғыр, жеке даралық тұғыр, үздіксіз білім беру, білім берудің ашықтығы негізінде құралады. Қазақстанда тьюторлық сүйемелдеуді жүзеге асыру үшін бірыңғай бейімделген моделі де жасалмаған. Шетелдік тәжірибемен салыстырғанда Қазақстандағы жоғары білім берудегі тьюторлық сүйемелдеудің негізгі бірыңғай ережелері жеткілікті жасалмаған және тьютор құзіреттілігінің бірыңғай талаптары жоқ.

Ресейдегі сияқты отандық білім беруде де әлі де вертикаль қарым қатынас тәжірибесі қолданылады. Бұл тьюторлық сүйемелдеу идеологиясымен сәйкес келмейді, онда субъект - субъектілік қарым қатынас принципі қолданылады. Қазақстан білім беру жүйесінде тьютордың кәсіби сипаттамасына, біліміне мән беріледі. Отандық білім беруде серіктестік өзара қарым-қатынас мәселесі, горизонталь қарым-қатынас тәжірибесін ендіру өте өзекті, оның әлеуметтік бейімделу жағдайына ықпалы зор. Біздің менталитетіміз үлкендер мен кішілер арасындағы вертикаль қарым-қатынасты қалайды. Ол баланың анасына, әкесіне, оны қоршаған ортаға тәуелділігін тудырады. Ол өзара қарым-қатынастағы бір адамның басымдылығынан көрінеді. Басымдылық - басқаларды басқару. Бұл мәселелер тьюторлық сүйемелдеуді ұйымдастыруда қарама-қайшылықтарды туғызады.

Горизонталь қарым-қатынас жанұяда қалыптасады. Горизонталь қарым-қатынас: мен қандаймын, сен тура мен сияқтысын. Осы қарым қатынасты отандық білім беру жүйесіндегі тьюторлық сүйемелдеу жұмыстарында қолдану тьютор жұмысының тиімділігін арттырады.

Қазақстандық тьюторлық сүйемелдеудің нәтижелеріне келсек, мұнда тьютор студенттің әртүрлі білім бағдарламаларын меңгеруге ықпал етеді, жеке дараланған білім алу қағидасын жүзеге асырады. Тьюторант білім алудағы өз жолын анықтайды, білімге деген өзінің тапсырысын саналы ойланады; шығармашылық және рефлексивті қабілеттерін, зияткерлік белсенділігін, өзіндік білім алуға деген қабілетін дамытады; өзінің болашағына

деген жауакершілікті қабылдайды, ынталану деңгейін арттырады, жеке тұлғалық және кәсіби дамуы қалыптасады, өзінің мақсаттары мен міндеттеріне, алдында ашылған қойылған мақсаттарына жету жолдарына саналы ойланады.

Салыстырмалы талдауда көрсетілгендей шетелдік және отандық тьюторлық сүйемелдеу жүйесінің ұқсастығы, ашық білім беру мен жеке дараландыру сүйемелдеу үрдісінің тиімді жүзеге асырылуына ықпал етеді, мұнда әрбір білім алушы сапалы білім алу үшін өз жолын табады, тек тьютор ғана жеке дара білім алу үдерісінің маршрутын қолдайды. Шетелдік тьюторлық сүйемелдеу жүйесіне талдау жасау еліміздегі ЖОО студенттерді тьюторлық сүйемелдеу үдерісін енгізудегі тәуекелдерді азайту үшін қажет.

Әлемдік жоғары білім беру жүйесіндегі студенттерді тьюторлық сүйемелдеуді салыстырмалы талдау жасау нәтижелерін жинақтай келе келесі қорытындылар жасалды:

1. Тьюторлық сүйемелдеуді метакогнитивті, жеке дараландыру, құзіреттілік тұғырлар аясында қарастыру керек. «Тьюторлық сүйемелдеу» түсінігін нақтылай келе, біз тьютор мен тьюторанттың өзара қарым-қатынасы кәсіби-жеке тұлғалық даму бағдарламасын құру мен жүзеге асыру үшін, көптеген инновациялық үрдістерге бейімделуі, өзіндік білім алуын ынталандыру мен жандандыру, зияткерлік белсенділігін дамыту, үшін қажет, нәтижесінде студент жетістікті кәсіби болашағына деген сенімділікке ие болады, өзінің ойына сенеді, ұтқыр және тәуелсіз білім алушыға айналады, өзінің болашағына жауапкершілікті өзі алады, тьюторанттың мақсаттары мен ұмтылыстарына сай келетін өзінің білім алу траекториясын құрады.

2. Шетелдегі және отандық жоғары білім берудегі тьюторлық сүйемелдеу үдерісінің тарихи дамуын талдау (келесі жүйе құрылымдық компоненттері арқылы қарастырылды: тьютор, тьюторант, тьюторлық сүйемелдеу, тьютор іс-әрекетінің нәтижелері), отандық білім беруде тьюторлық сүйемелдеу үдерісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

3. Білім берудің түрлі жүйесіндегі тьюторлық сүйемелдеуді жүзеге асыру тәжірибесі көрсеткендей, бұл үдерісті тьюторлық сүйемелдеу моделі арқылы қарастыру керек. Отандық тьюторлық сүйемелдеу моделі қажет.

4. Тьюторлық сүйемелдеу үдерісінің Ұлыбританиядағы, АҚШ тағы Ресей мен Қазақстандағы негізгі айырмашылықтары: бұл үдерістің түрлі білім жүйелеріндегі тарихи дамуында, тьюторлық сүйемелдеу модельдерінде, тьюторлық сүйемелдеу үдерісінде қолданылатын тұғырларда; тьюторлық сүйемелдеу түрлерінде; тьюторлар мен біліктілік сипаттамаларында; жұмыстарында қолданылатын әдістерінде; мақсаттары мен міндеттерінде; формалары мен мазмұндары және тьютор іс-әрекетінің нәтижесінде.

5. Шетелдік тәжірибені зерделей отырып, тьюторлық сүйемелдеу технологиясын мақсатты қолданудың бірнеше тиімділігін айқындадық:

- * университеттің жеке-дара сабақ жүргізу шығындарын үнемдейді;

- * тьюторлар арқылы оқытудың әрбір студентпен жеке дара жұмыс жасауына жағдай жасалады;

- * кредиттік оқыту талаптарының жекедараландыру, студентке бағытталған оқытуды ұйымдастыру қағидаларын ескереді;

- * студенттің әртүрлі академиялық мәселелерін алдын алады, дер кезінде шешеді; ынтымақтастық, теңқұқықтық қағидаларына сүйене отырып, белсенді оқу ортасын қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылдың 5 қазаны [Электрон. ресурс]. - 2018. URL: www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaev-tyn-kazakstan-halkyna-zholdauy -2018.05.10 (Қаралған күні: 10.10.2018).
2. Кокамбо Ю.Д., Скоробогатова О.В. Тьюторство как новая форма взаимодействия участников образовательного процесса // Вестник Амурского государственного университета. Сер. Гуманитар. науки. 2013, № 60. - с. 110–115.
3. Topping K. Effective peer tutoring in further and higher education: a typology and review of the literature // Higher Education.-1996.- № 32.- 321–345 б.
4. Абдыхалыкова Ж.Е., Шалғынбаева Қ.Қ., Сейтказы П.Б. ЖОО-да студенттерді тьюторлық сүйемелдеудің технологиясы оқу құралы. – Астана: ЖШС «Мастер ПО», 2017. - 41-57 б.
5. Ковалева Т.М. Оформление новой профессии тьютора в российском образовании // Вопросы образования. – 2011. № 2 – С. 163-180.
6. Janet W. Colvin. Peer tutoring and social dynamics in higher education // Mentoring & Tutoring.- 2007.- №. 2. - 165–181 б.

Ж.Е. Абдыхалыкова, А.Н. Нурмуханбетова

Евразийский университет имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Сравнительный анализ тьюторского сопровождения студентов в мировой системе высшего образования

Аннотация. В соответствии с инновационными процессами в системе высшего образования Казахстана организация образовательной среды обучения, ориентированной на потребности и возможности студентов, является главной задачей согласно принципам Болонской декларации и кредитной технологии обучения. В связи с этим следует отметить такие аспекты, как использование инновационных технологий для максимальной индивидуализации обучения в рамках кредитной технологии обучения, внедрение, применение новых педагогических позиций, положительно влияющих на усвоение студентами различных образовательных программ, с целью реализации принципа персонализированного обучения, развития субъектной позиции студента в процессе обучения. Соответственно этому тьюторское сопровождение в системе высшего образования повысит ответственность студентов в процессе самообразования, при выборе индивидуальных траекторий обучения, а также даст возможность личностного и профессионального самоопределения.

В данной статье рассматривается отечественное и зарубежное тьюторское сопровождение в системе высшего образования. Авторы, опираясь на опыт тьюторского сопровождения в Великобритании, США, России и Казахстане, осуществляют системный сравнительный анализ четырех ключевых позиций тьютора в высшем образовании: основных понятий о процессе тьюторского сопровождения, субъектов тьюторского сопровождения, особенностей организации тьюторского сопровождения, результатов тьюторского сопровождения.

Ключевые слова: высшее образование, индивидуализация в образовании, тьютор, тьюторское сопровождение, метакогнитивный подход, компетентностный подход.

Zh.E. Abdykhalykova, A.N. Nurmukhanbetova

L.N Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

A comparative analysis tutoring support of students in global higher education

Abstract: In accordance with innovative processes in the higher education system, the developing environment in the organization of training aimed at the needs and capabilities of students, tutoring support of the implementation of the Bologna Declaration, are the main objectives of the training organization

on credit technology of education. In this regard, it should be noted such aspects as the use of innovative technologies for maximum individualization of education within the framework of the credit technology of training, introduction and use of new pedagogical positions that positively affect students' assimilation of various educational programs in order to implement the principle of personalized education, develop the student's subject position in the process of studying. Accordingly, tutoring support in the higher education system will increase the responsibility of students in the process of self-education, when choosing individual learning paths, and will also enable personal and professional self-determination.

This article discusses the domestic and foreign tutor support in the system of higher education. The authors, based on the experience of tutor support in the UK, USA, Russia and Kazakhstan, carry out a systematic comparative analysis of four key positions of a tutor in higher education: basic concepts about the process of tutor support, subjects of tutor support, features of tutor support, results of tutor support.

Keywords: higher education, individualization in education, tutor, tutoring support, metacognitive approach, competence approach.

References

1. N.A. Nazarbayevtyн Kazakstan halkyna zholdauy [Nazarabayev's message to the people of Kazakhstan] 05.10.2018. Available at: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018.05.10 (accessed: 08.10.2018).
2. Kokambo D., O.V. Skorobogatova. Tıytorstvo kak novaya forma vzaimodeystviya uchastnikov obrazovatel'nogo protsessa [Tutoring how the new form interoperability with the process of interpersonal process. Seriya Gumanitarnye nauki], [The Bulletin of the Amursky State University. Humanitarian sciences series], 2013. № 60. P. 110–115.
3. Topping K. Effective peer tutoring in further and higher education: a typology and review of the literature, Higher Education (32), 321–345 (1996).
4. Abdykhalykova G.E., Shalgynbaeva K.K., Seitqazy P.B. JOO-da studentterdi tiytorylyk suıemeldeudin tehnologiıasy oku kuraly [Technique tutorial tutorial for students in high schools is a textbook] (Master-PO, Astana, 2017).
5. Kovaleva T.M. Oformlenie novoi professii tiytora v rossiyskom obrazovanii [Formation of a new profession of a tutor in the Russian education] {questions about education}, (2), 163-180 (2011).
6. Janet W. Colvin. Peer tutoring and social dynamics in higher education, Mentoring & Tutoring. (2), 165–181 (2007).

Авторлар туралы ақпарат:

Абдыхалыкова Ж.Е. – әлеуметтік педагогика және өзін - өзі тану кафедрасының PhD докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 4/1, Астана, Қазақстан.

Нурмуханбетова А.Н. – әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының II курс докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 4/1, Астана, Қазақстан.

Abdykhalykova G. E. – PhD of the faculty “Social pedagogic and self-knowledge”, L.N Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str., 4/1, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Nurmukhanbetova A.N. – the II course PhD Student of speciality “Social pedagogy and self-knowledge”, L.N Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str., 4/1, Nur-Sultan, Kazakhstan.